

Қазақстан Республикасы білім және мәдениет мекемелерінің, сондай-ақ басқа да физикалық-географиялық объектілерінің атауы мен қайта аталуы және олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 қарашадағы N 1485

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ақтөбе, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы әкімдерінің Қазақстан Республикасының тиісті министрліктерімен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

а) мына білім және мәдениет мекемелеріне:

Ақтөбе облысы бойынша

Ақтөбе облыстық қазақ драма театрына - халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тахауи Ахтановтың;

Шалқар ауданындағы Тұмалыкөл орта мектебіне - белгілі педагог,

Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мұғалім Мейірхан Орынбасаровтың;

Алматы облысы бойынша

Талғар ауыл шаруашылығы колледжіне - белгілі қоғам қайраткері Мәсімхан Бейсебаевтың;

Жамбыл ауданының Жамбыл ауылындағы орта мектепке - қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың;

Райымбек ауданының Текес орта мектебіне - Қарқара көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі Қазыбек Шормановтың;

Жамбыл облысы бойынша

Сарысу ауданындағы Ұйым орта мектебіне - Ұлы Отан соғысына қатысушы, мерген Ыбырайым Сүлейменовтың;

Шу ауданындағы Далақайнар орта мектебіне - белгілі экономист,

академик Түймебай Әшімбаевтың;

Жамбыл университетіне - белгілі тарихшы, ғалым Мұхемед Хайдар Дулатидің;

Қарағанды облысы бойынша

Балқаш тау-кен-металлургия колледжіне - белгілі ғалым, геолог, Лениндік сыйлықтың лауреаты Әлихат Мусиннің;

Қызылорда облысы бойынша

Тереңөзек ауданындағы Қарауылтөбе орта мектебіне - белгілі жазушы Айтбай Хангельдиннің;

Қармақшы ауданындағы N 27 Жосалы лицейіне - белгілі қоғам қайраткері Сүлеймен Есқараевтың;

Қостанай облысы бойынша

Қостанай қаласындағы N 24 орталау мектепке - халық жазушысы Сырбай Мәуленовтың;

Маңғыстау облысы бойынша

Маңғыстау ауданындағы N 2 Шетпе орта мектебіне - белгілі ғалым Берекет Жұмалиевтың;

Ақтау қаласындағы N 20 орта мектепке - аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтің;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Арыс қаласындағы жаңа орта мектепке - аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтің;

Түркістан қаласындағы Құшата орта мектебіне - Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қоғам қайраткері Мұстафа Қазыбековтың;

Павлодар облысы бойынша

Лебяжі ауданындағы Жаңаауыл орта мектебіне - белгілі ғалым

Бекмұрат Уахатовтың;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Зайсан ауданындағы Сауыр орта мектебіне - ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқан педагог-ұйымдастырушы Мұрат Дәуленовтың;

Ұлан ауданындағы Манат орталау мектебіне - Қамза Ақжоловтың;

Глубокое ауданындағы қазақ орта мектебіне - белгілі жазушы Оралхан Бөкеевтің;

Шығыс Қазақстан техникалық университетіне - Қазақстан Республикасында жоғары білім беруді ұйымдастырушылардың бірі, осы университеттің алғашқы ректоры Дәулет Серікбаевтың;

Алматы қаласы бойынша

Бостандық ауданындағы N 138 қазақ мектеп-лицейіне - көрнекті

әдебиетші-ғалым, қоғам қайраткері Мүсілім Базарбаевтың;

Алматы ауданындағы N 36 қазақ орта мектебіне - халық ақыны Бөлтірік Атыханұлының;

Қазақстан Республикасының Орталық стадионына - қазақтың даңқты палуаны Қажымұқан Мұңайтпасовтың;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Зандылық, құқық тәртібі проблемаларын зерттеу және прокуратура органдары кадрларының біліктілігін арттыру институтына - республиканың алғашқы прокуроры, 1937 жылы жалған жаламен қуғын-сүргінге ұшыраған Сүлеймен Есқараевтың есімдерін беру туралы;

б) мына білім және мәдениет мекемелері мен басқа да физикалық-географиялық объектілердің атауларын:

Ақтөбе облысы бойынша

Ырғыз ауданындағы Киров атындағы орта мектепті - Құмтоғай орта

мектебі;

Жамбыл облысы бойынша

Қордай ауданындағы XXII партсъезд атындағы орта мектепті - Кеңес Одағының Батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп;

Қордай ауданындағы Ленин атындағы орта мектепті - көрнекті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектеп;

Сарысу ауданындағы Ленин атындағы орта мектепті - Әйтеке би атындағы орта мектеп;

Байзақ ауданындағы Буденновка орта мектебін - Түймекент орта мектебі;

Байзақ ауданындағы Политотдел орта мектебін - Көктал орта мектебі;

Қызылорда облысы бойынша

Қармақшы ауданындағы Калинин атындағы N 105 орта мектепті - ауданның экономикасы мен мәдениетіне айтарлықтай үлес қосқан қоғам қайраткері Ахметжан Жанпейісов атындағы орта мектеп;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Төле би ауданындағы Блинков атындағы орта мектепті - белгілі суретші, еңбек сіңірген өнер қайраткері Тоқболат Тоғысбаев атындағы орта мектеп;

Төле би ауданындағы "Большевик" орта мектебін - Кеңес Одағының Батыры, белгілі металлург Қосан Мамытов атындағы орта мектеп;

Сайрам ауданындағы Ворошилов атындағы N 53 орталау мектепті - аса көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектеп;

Сайрам ауданындағы XVII партсъезд атындағы N 29 орта мектепті -

белгілі педагог Керім Тіленшин атындағы орта мектеп;

Созақ ауданындағы Крупская атындағы орталау мектепті - көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нәзір Төрекұлов атындағы орталау мектеп;

Мақтарал ауданындағы Макаренко атындағы орта мектепті - ұстаз, сондай-ақ аудан мен облыстың экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан Нұртаза Ысмайылов атындағы орта мектеп;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

Ұлан ауданындағы Қазақ КСР-інің 40 жылдығы атындағы орта мектепті - белгілі педагог Мүтән Таенов атындағы орта мектеп;

Алматы қаласы бойынша

Каменское плато үстіртін - Терісбұтақ төбесі;
Каменка өзенін - Терісбұтақ өзені;
Прямуха өзенін - Тіксай өзені;
Казачка өзенін - Жарбұлақ өзені;
Горельник өзенін - Күйгенсай өзені;
Весновка өзенін - Есентай өзені;
Батерейка өзенін - Беделбай өзені деп өзгерту туралы;

в) мына атаулардың транскрипциясын:

Қарағанды облысы бойынша

станция Ктай - станция Актай, қазақ тілінде Ақтай стансасы;

Шығыс Қазақстан облысы бойынша

станция Чарск - станция Шар, қазақ тілінде Шар стансасы;
станция Аягуз - станция Аягоз, қазақ тілінде Аягөз стансасы;
станция Суурлы - станция Суырлы, қазақ тілінде Суырлы стансасы;
разъезд Кзыл Чар - разъезд Кызылшар, қазақ тілінде Қызылшар
разъезі;
река Чар - река Шар, қазақ тілінде Шар өзені;
река Аягуз - река Аягоз, қазақ тілінде Аягөз өзені деп өзгерту
туралы ұсыныстары қабылдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК